

**"Табиғи монополиялар салаларындағы тәуекел дәрежесін бағалау және қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің баға белгілеу тәртібін және міндеттерді сақтау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 26 шілдедегі № 332 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 5 қарашадағы № 59 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 26 қарашада № 17790 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Табиғи монополиялар салаларындағы тәуекел дәрежесін бағалау және қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің баға белгілеу тәртібін және міндеттерді сақтау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 26 шілдедегі № 332 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14167 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық – құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 9 қыркүйекте жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1, 2, 3-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Ұлттық экономика министрі*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасының

Құқықтық статистика

және арнайы есепке алу

жөніндегі комитеті

*Т. Сүлейменов*

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

2018 жылғы 5 қарашадағы

№ 59 бұйрығына

1-қосымша

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

2016 жылғы 26 шілдедегі

№ 332 бұйрығына

1-қосымша

## **Табиғи монополиялар салаларындағы тәуекел дәрежесін бағалау және қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің баға белгілеу тәртібін және міндеттерін сақтау өлшемшарттары**

### **1-тарау. Жалпы бөлім**

1. Осы табиғи монополиялар салаларындағы тәуекел дәрежесін бағалау және қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің баға белгілеу тәртібін және міндеттерін сақтау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексiне, "Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың тәуекелді және тексеру парақтарын бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2018 жылғы 14 қыркүйектегі № 17371 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылған:

1) бақылау субъектісі – дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар, оның ішінде табиғи монополия және (немесе) қоғамдық маңызы бар нарық субъектілері болып табылатын заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері;

2) болмашы бұзушылықтар – табиғи монополиялар және қоғамдық маңызы бар нарық субъектілерінің ақпаратты, есепті, елеулі бұзушылықтарға жататын Заңның 18-1-бабына сәйкес алдын ала хабарламаны жіберуді қоспағанда, хабарламаларды, мәліметтерді тиісінше орналастырмауы, тұтынушылардың назарына жеткізбеуі және хабардар етпеуі мен ұсынбауы, қызметтерді көрсету стандарттарын сақтамауы және жыл сайынғы аудитті өткізбеуі;

3) елеулі бұзушылықтар – табиғи монополиялар және қоғамдық маңызы бар нарық субъектілерінің негізсіз кіріс (түсім) алуын көздейтін міндеттер мен шектеулерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында регламенттелген міндеттер мен шектеулерді және реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушыларға тең жағдайда ұсыну туралы талапты орындамауы немесе тиісінше орындамауы; Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және қоғамдық маңызы бар нарықтар туралы заңнамасы талаптарының сақталмауы жөнінде расталған бір шағымның немесе өтініштің болуы;

4) өрескел бұзушылық – бұл Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасын бұзу нәтижесінде табиғи монополиялар және қоғамдық маңызы бар нарық субъектілері алған негізсіз кірісі (түсім); субъектілердің реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушыларға тең жағдайда ұсыну туралы талапты сақтамауы; Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және қоғамдық маңызы бар нарықтар туралы заңнамасы талаптарының сақталмауы жөнінде расталған екі және одан астам шағымдар мен өтініштердің болуы;

5) табиғи монополияларға және қоғамдық маңызы бар нарықтарға жатқызылған көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну саласындағы тәуекел – жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы;

б) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жекелеген бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланысты емес бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

7) тәуекел дәрежесін субъективті бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметінің нәтижесіне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін қолданылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

8) тәуекелдерді бағалау жүйесі – тексерулер мен бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды белгілеу мақсатында бақылау органы жүргізетін іс-шаралар кешені;

9) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қауіп төндіруге әкеп соқтыратын талаптарды қамтитын талаптар тізбесі.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектісіне қатысты қолданылады.

Жоспардан тыс тексерулер жоғары, жоғары емес тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты қолданылады.

4. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптасады.

## **2-тарау. Объективті өлшемшарттар**

5. Табиғи монополиялар салаларында және қоғамдық маңызы бар нарықтарда жоғары тәуекел дәрежесіне Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізілген, бір күнтізбелік жылдан астам табиғи монополиялар саласына жатқызылған реттеліп көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілері және қоғамдық маңызы бар нарық субъектілері жатады.

6. Табиғи монополиялар саласында жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмаған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бір күнтізбелік жылдан кем табиғи монополиялар саласына жатқызылған реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін, жаңадан құрылған табиғи монополиялар субъектілері жатады.

## **3-тарау. Субъективті өлшемшарттар**

7. Тәуекелдер дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттарын айқындау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) алдыңғы бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері. Бұл ретте ауырлық дәрежесі (өрескел, елеулі, шамалы) тексеру парақтарында көрсетілген заңнама талаптары сақталмаған жағдайда белгіленеді;

2) уәкілетті орган және (немесе) басқа мемлекеттік органдар жүргізетін бақылау субъектісі (объектісі) ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеудің нәтижелері;

3) ресми интернет-ресурстарды және бұқаралық ақпараттар құралдарын талдау;

4) тексерілетін субъектілерге қатысты жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан келіп түскен расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны.

8. Қолдағы бар ақпарат көздерінің негізінде субъективті өлшемшарттар бұзушылықтың үш дәрежесіне бөлінеді: өрескел, елеулі, болмашы.

Осы Өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес табиғи монополиялар субъектілері үшін және 2-қосымшаға сәйкес қоғамдық маңызы бар нарық субъектілерінің баға белгілеу тәртібін және міндеттерді сақтауы үшін субъективті өлшемшарттар айқындалған.

9. Бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне 100 деген тәуекел дәрежесінің көрсеткіші беріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылықтар анықталмаса, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін анықтау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$P_3 = (SP_2 \times 100/P_1) \times 0,7$$

мұндағы:

$SP_3$  – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

$SP_1$  – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$SP_2$  – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтар көрсеткішін анықтау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_H = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,3$$

мұндағы:

$P_H$  – болмашы бұзушылықтар көрсеткіші;

$P_1$  – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$P_2$  – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші ( $SP$ ) 0-ден 100-ге дейін шәкіл бойынша есептеледі және елеулі және болмашы бұзушылықтар көрсеткіштерін қосу жолымен мынадай формула бойынша анықталады:

$$SP = SP_3 + SP_H$$

мұндағы:

$SP$  – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$SP_3$  – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

$SP_H$  – болмашы бұзушылықтар көрсеткіші;

Табиғи монополиялар салаларындағы тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары, қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің баға белгілеу тәртібін және міндеттерін сақтау субъективті өлшемшарттары осы Өлшемшарттарға 1, 2-қосымшаларда келтірілген.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақыланатын субъект (объект):

1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 61-тан 100-ге дейін қоса алғанда болған кезде және оған қатысты профилактикалық бақылау жүргізілгенде – жоғары тәуекел дәрежесіне;

2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 60-қа дейін болған және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілмеген кезде – жоғары емес тәуекел дәрежесіне жатады.

10. Талдау және бағалау кезінде нақты бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері қолданылмайды.

11. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау саны субъективті өлшемшарттар бойынша алынған мәліметтерге жүргізілген талдау мен бағалаудың нәтижелері бойынша айқындалады және жылына бір реттен жиі болмауға тиіс.

12. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Кодекстің 141-бабының 3-тармағына сәйкес құрылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың жарты жылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

13. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші неғұрлым жоғары бақылау субъектісінің басымдылығы ескеріле отырып, жасалады.

Табиғи монополиялар салаларындағы  
тәуекел дәрежесін бағалау және  
қоғамдық маңызы бар нарық  
субъектісінің баға белгілеу тәртібін  
және міндеттерді  
сақтау өлшемшарттарына  
1-қосымша

## Табиғи монополия субъектілеріне арналған субъективті өлшемшарттар

Субъективті өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі	
Өткен бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша (ауыртпалық дәрежесі төменде санамаланған талаптар сақталмаған кезде белгіленеді)		
1	Тұтынушының назарына тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгертілгені туралы ақпаратты олар қолданысқа енгізілгенге дейін отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей, сондай-ақ қуаттылығы аз табиғи монополия субъектілеріне - олар қолданысқа енгізілгенге дейін он бес күнтізбелік күннен кешіктірмей жеткізу	Болмашы
2	Реттеліп көрсетілетін қызметтермен (тауарлармен, жұмыстармен) технологиялық жағынан байланысты қызметтерді көрсету туралы хабарламаны ол жүзеге асырылғанға дейін кемінде он бес күнтізбелік күн бұрын жіберу	Өрескел
	Реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) өндірген және (немесе) ұсынған кезде технологиялық циклда пайдаланылатын меншік құқығында немесе өзге де	

3	заңды негізде тиесілі мүлікті сенімгерлік басқаруға беру, лизингті қоса алғанда, мүліктік жалдау (жалға беру) туралы тыйым салуды сақтау	Елеулі
4	Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) байланысты талап ету құқығын басқаға беру туралы тыйым салуды сақтау	Елеулі
5	Реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) оларды ұсынумен байланысты емес шығындарды тарифтерге (бағаларға, алымдар мөлшерлемеріне) немесе олардың шекті деңгейлеріне енгізуге тыйым салуды сақтау	Өрескел
6	Инвестициялық бағдарламаларда (жобаларда) көзделген қаражаттарды мақсатсыз пайдалануға жол бермеу туралы тыйым салуды сақтау	Өрескел
7	Тарифтік сметада қамтылатын, реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің есептеу аспаптарын сатып алу мен орнату шығындары және ақы алу тетігі, реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің есептеу аспаптарын сатып алу және орнату туралы ұсынылатын реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтер (тауарлар, жұмыстар) туралы ақпаратты коммерциялық құпия деп тану туралы тыйым салуды сақтау	Елеулі
8	Неғұрлым тиімді әдістер мен технологияларды қолдануға, энергия аудитінің қорытындылары бойынша әзірленген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға, нормативтік техникалық ысыраптарды төмендету жөніндегі іс-шараларды өткізуге немесе реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемдерін табиғи монополия субъектісіне байланысты емес себептер бойынша қысқартуға байланысты немесе конкурстық (тендерлік) рәсімдерді өткізу нәтижелері бойынша шығындарды үнемдеу нәтижесінде туындаған, тарифтік сметаға салынған шығындардың толық пайдаланылмаған бөлігінің кемінде елу пайызын энергия үнемдеуді және энергия тиімділігін арттыруды қамтамасыз етуге, жаңа өндірістік активтерді жасауға, кеңейтуге, қалпына келтіруге, жаңартуға, қолдауға, реконструкциялауға және техникалық қайта жарақтандыруға бағыттау туралы құжаттаманың болуы	Елеулі
9	Шығындары тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) немесе оның шекті деңгейін және реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтік сметаларды бекіту кезінде ескерілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) сатып алуды жүзеге асыру тәртібін сақтау	Өрескел
10	Реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрі бойынша және жалпы алғанда өзге де қызмет бойынша кірістердің, шығындар мен тартылған активтердің бөлек есебін жүргізу	Елеулі
11	Уәкілетті орган бекіткен үлгі шарттарға сәйкес ұсынылатын реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түріне, сондай-ақ өзге де ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түріне және (немесе) жиынтығына тұтынушылармен жеке шарттар жасасу	Елеулі
12	Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қаулымен ынтымақтастықтың үлгі шарттарына сәйкес кондоминиум объектісін басқару органымен олар ұсынатын реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түріне ынтымақтастық шарттарын жасасу	Елеулі
13	Нәтижесінде табиғи монополия субъектісінің шығындарының құны азайған жағдайда Қазақстан Республикасының салық заңнамасы тиісінше өзгертілген, аталған өзгерістер қолданысқа енгізілген күннен бастап барлық тұтынушылар үшін реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алым мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін төмендету	Елеулі
14	Мүлікті мемлекет меншігіне беру, жағдайларын қоспағанда, реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) өндіруге және ұсынуға арналған мүлікті тендер нысанындағы сауда-саттықта иеліктен шығару, сондай-ақ электр энергиясын тарату жөніндегі қызметті көрсететін табиғи монополия субъектілерінің электр желілерін беру туралы міндетті сақтау	Елеулі

15	Табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызмет түрлері бойынша кірістерінің, шығындары мен тартылған активтерінің бөлек есебін жүргізудің бекітілген әдістемесінің болуы	Елеулі
16	Нормативтен артық ысыраптардың болуына жол бермеу	Елеулі
17	Уәкілетті орган айқындаған шамаға және мерзімдерде нормативтік техникалық ысыраптардың деңгейін төмендету	Елеулі
18	<p>Уәкілетті органға:</p> <p>1) егер табиғи монополия субъектісінің иеліктен шығарылатын мүлкінің не ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста ескерілген, оған қатысты өзге де мәмілелер жасалатын мүлкінің баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан асатын болса, олар табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шекті деңгейлерінің артуына, тұтынушылармен жасасқан шарттардың бұзылуына, берік байланыстағы технологиялық жүйенің бұзылуына, ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (өндірілетін тауарлардың, жұмыстардың) тоқтап қалуына не көлемінің едәуір кемуіне әкеп соқпайтын жағдайда, табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) өндірісіне және ұсынылуына арналған мүлкімен мәмілелер жасасуға;</p> <p>2) мүлікті жалға алу шартын жасасу табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) немесе олардың шекті деңгейлерінің артуына, тұтынушылармен жасалған шарттардың бұзылуына, берік байланыстағы технологиялық жүйенің бұзылуына, ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (өндірілетін тауарлардың, жұмыстардың) тоқтап қалуына не көлемінің едәуір кемуіне әкеп соқпайтын жағдайда табиғи монополия субъектісінің ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста ескерілген баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнынан 0,05 процент астам болатын реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну үшін пайдаланылатын мүлікті жалға алуына ;</p> <p>3) табиғи монополия субъектісінің қайта ұйымдастырылуына және таратылуына келісім беру туралы уәкілетті органға алдын ала хабарлама немесе қолдаухат ұсыну</p>	Елеулі
19	Сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын қайта есептеуден алынған қаражатты тікелей тұтынушыларға не тұтынушының тұрған жерін анықтау мүмкін болмаған жағдайда, жылумен жабдықтаудың көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу кезінде тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) төмендету жолымен қайтару туралы міндетті сақтау	Елеулі
20	Жаңадан құрылған субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды, алым мөлшерлемелерін) бекіткен күннен бастап өтініммен оларды қайта қарау үшін тоғыз айдан кешіктірмей ұсынуы туралы міндетті сақтау	Өрескел
21	Тарифтердің шекті деңгейлері бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну жағдайларын қоспағанда, реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) уәкілетті орган бекіткен тарифтер (бағалар, алым мөлшерлемелері) бойынша ұсыну	Өрескел
22	Уәкілетті орган белгілеген мөлшерден асатын реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін ақы алу бойынша тыйым салуды сақтау	Өрескел
23	Заңда көзделмеген қосымша ақы алу немесе өзінің мазмұны бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтердің мәніне қатысы жоқ (қаржылық қаражаттарды және өзге де мүлікті, мүліктік құқықтарды және басқаны беру) қосымша міндеттемелерді өзгеше тану жөнінде салынған тыйым салуды сақтау	Өрескел



24	Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) қол жеткізу шарттарын күштеп таңуға немесе тұтынушыларды кемсітуге әкеп соғатын өзге де іс-қимылдар жасауға салынған тыйым салуды сақтау	Өрескел
25	Жосықсыз тұтынушылардың реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) пайдаланылған көлеміне ақы төлемеуіне байланысты адал тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) ұсынудан бас тарту бойынша тыйым салуды сақтау	Елеулі
26	Мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті шегінде белгілеген, реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасына қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) ақы төлеу бойынша тыйым салуды сақтау	Елеулі
27	Құзыреттері шегінде мемлекеттік органдар белгілеген реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушыларға мемлекеттік органдар ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасына қойылатын талаптарға сәйкес жалпыға бірдей қызмет көрсетуді қамтамасыз ету туралы талапты сақтау	Елеулі
28	Табиғи монополиялар субъектілері ұсынатын реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) өз кассалары, сондай-ақ банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, интернет-ресурстар және (немесе) терминалдар арқылы тұтынушылардан төлемдер қабылдауды қамтамасыз ету туралы талапты сақтау. Бұл талап қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілеріне қолданылмайды	Елеулі
29	Өнімді магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтар ескеріле отырып, реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну жағдайларынан басқа кезде реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушыларға тең жағдайларды, оның ішінде уәкілетті орган бекіткен тәртіппен реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізудің тең жағдайларын ұсыну туралы талапты сақтау	Өрескел
30	Тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейі бекітілген жағдайда, реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) барлық тұтынушылар үшін тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейінен аспайтын тарифтердің (бағалардың, алым мөлшерлемелерінің) бірыңғай деңгейлері бойынша ұсыну туралы талапты сақтау	Өрескел
31	Реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) есептеу аспаптарын сатып алу және оларды тұтынушыларға орнату туралы талапты сақтау	Елеулі
32	Есептеу аспабы істен шыққан жағдайда, есептеу аспаптарының орташа айлық көрсеткіштері бойынша реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін ақы өндіріп алу туралы талапты сақтау	Елеулі
33	Реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынуға шарттар жасасу кезінде тұтынушылар құқықтарының бұзылуына жол бермеу	Елеулі
34	Реттеліп көрсетілетін қызметтерді тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейлері бойынша ұсыну туралы талапты сақтау	Өрескел
	Неғұрлым тиімді әдістер мен технологияларды қолдануға, энергия аудитінің қорытындылары бойынша әзірленген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға, нормативтік техникалық ысыраптарды төмендету жөніндегі іс-шараларды өткізуге немесе реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемдерін табиғи монополия субъектісіне байланысты емес себептер бойынша қысқартуға байланысты немесе конкурстық (тендерлік) рәсімдерді өткізу нәтижелері бойынша шығындарды үнемдеу нәтижесінде туындаған, тарифтік сметаға салынған шығындардың толық пайдаланылмаған бөлігінің кемінде елу пайызын энергия үнемдеуді және энергия тиімділігін арттыруды қамтамасыз етуге, жаңа өндірістік активтерді жасауға, кеңейтуге, қалпына келтіруге, жаңартуға, қолдауға, реконструкциялауға және	

35	техникалық қайта жаратандыруға бағыттауға пайдаланылатын қаражатты қоспағанда, неғұрлым тиімді әдістер мен технологияларды қолдануға, энергия аудитінің қорытындылары бойынша әзірленген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға, нормативтік техникалық ысыраптарды төмендету жөніндегі іс-шараларды өткізуге немесе реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемдерін табиғи монополиялар субъектісіне байланысты емес себептер немесе конкурстық (тендерлік) рәсімдерді өткізу нәтижелері бойынша қысқартуға байланысты шығындарды үнемдеу нәтижесінде туындаған тарифтік сметаға салынған шығындардың толық пайдаланылмаған бөлігіне дербес иелік етуді қоспағанда, тарифтік сметаны орындау	Өрескел
36	Белгіленген тәртіппен бекітілген инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) орындау және инвестициялық бағдарламада (жобада) көзделген қаражатты табиғи монополия субъектісінің энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды, олар тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсететін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған шекті деңгейлерінің өсуіне әкеп соқпайтын жағдайда, іске асыруға, сондай-ақ қолда бар активтерін қалпына келтіруге, жаңартуға, кеңейтуге, қолдауға, негізгі құралдарын реконструкциялауға, техникалық қайта жаратандыруға басым бағыттау	Өрескел
Тексерілетін субъектілер ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері бойынша		
37	Есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру кезеңінде инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалуы туралы есепті ұсынбау	Болмашы
38	Есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей тарифтік сметаның орындалуы туралы жыл сайынғы есепті ұсынбау	Болмашы
39	Есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалуы туралы есепті бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде өзінің интернет-ресурсында не уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырмау	Болмашы
40	Оларды қолданысқа енгізгенге дейін он күннен кешіктірмей уәкілетті орган мен тұтынушыларды тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) төмендеуі туралы хабардар етпеу	Болмашы
41	Уәкілетті органның бастамасы бойынша тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) немесе олардың шекті деңгейлері және тарифтік сметалар қайта қаралған кезде, табиғи монополиялар субъектісінің тиісті талапты алған күннен бастап бір ай мерзімде экономикалық тұрғыдан негізделген есептерді және өзге де ақпаратты жаңа тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) бекіту үшін өтінім беру кезіндегідей көлемде ұсынбау	Болмашы
Ресми интернет-ресурстардың және бұқаралық ақпарат құралдарының талдау нәтижелері бойынша		
42	Субъектінің интернет-ресурсында орналастырып және оны мерзімді баспа басылымдарында жариялап, акционерлік қоғамдар болып табылатын табиғи монополиялар субъектілері үшін аудиторлық ұйымдардың жыл сайынғы міндетті аудитті жүргізбеу	Болмашы
43	Өзінің интернет-ресурсында не уәкілетті органның интернет-ресурсында тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті орналастырмау	Болмашы
44	Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік құпияларға және өзге де қорғалатын құпияға жататын мәліметтерді қоспағанда, бос және қолжетімді қуаттылықтардың, сыйымдылықтың, орындардың, желілердің өткізу қабілетінің бар екендігі, сондай-ақ реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) инженерлік коммуникацияларының схемалары туралы тоқсан сайын жаңартылатын ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастырмау не өзінің интернет-ресурсы болмаған жағдайда, интернет-ресурсында орналастыру үшін уәкілетті органға бермеу	Болмашы

45	Инженерлік коммуникациялар туралы мәліметтерді, оның ішінде өзінің интернет-ресурсында беруді қамтамасыз етпеу	Болмашы
46	Есеп беру өткізілген кезден бастап күнтізбелік бес күннен кешіктірмей тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдында реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну жөніндегі қызметі туралы негіздемелерімен және оларды бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде уәкілетті орган белгілеген тәртіппен өзінің интернет-ресурсында не уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыра отырып, жыл сайын есеп бермеу	Елеулі
Тексерілетін субъектілерге қатысты жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан келіп түскен расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны		
47	Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасы талаптарының сақталмауы жөнінде расталған бір шағым немесе өтініштің болуы	Елеулі
48	Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасы талаптарының сақталмауы жөнінде расталған екі және одан астам шағымдар мен өтініштердің болуы	Өрескел

Табиғи монополиялар салаларындағы тәуекел дәрежесін бағалау және қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің баға белгілеу тәртібін және міндеттерді сақтау өлшемшарттарына 2-қосымша

## Қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің баға белгілеу тәртібін және міндеттерін сақтауға арналған субъективті өлшемшарттар

	Субъективті өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
Өткен тексерулер мен бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша (ауыртпалық дәрежесі төменде санамаланған талаптар сақталмаған кезде белгіленеді)		
1	Табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органды алдағы уақытта тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалардың шекті бағадан жоғары өсетіні және өсу себептерін растайтын негіздемелік материалдарды табыс ете отырып, олардың өсу себептері туралы кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын жазбаша түрде немесе уәкілетті органның электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы электрондық құжат нысанында хабардар ету	Болмашы
2	Уәкілетті орган бағаны сараптау шеңберінде құжаттар мен мәліметтерді не шекті бағаны көтеру себептерін растайтын негіздемелік материалдарды қоса, хабарлама беру туралы талапты сақтау	Өрескел
3	Қоғамдық маңызы бар нарықтарда өткізілетін тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағаларын, шекті бағаны көтерместен дербес төмендету немесе көтеру кезінде уәкілетті орган төмендету немесе көтеру себептерін көрсететін ақпаратты бағаны төмендету немесе көтеру күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей ұсыну туралы талапты сақтау	Өрескел
4	Ол болған жағдайда, шекті бағаны қалыптастыру үшін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) әрбір түрі бойынша шығындарды бөлек есепке алуды жүзеге асыру	Елеулі
Жария тыңдауларды өткізу күні туралы ақпарат жарияланғаннан кейін жария тыңдауларға қатысушылардың талабы бойынша жария тыңдаулар өткізгенге дейін		

5	тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) баға жобаларын, экономикалық тұрғыдан негізделген есептермен тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағаларын көтеру себептері туралы ақпарат беру туралы талапты сақтау	Елеулі
6	Алынған және шекті бағаларда ескерілген инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) іске асыруға пайдаланылмаған кірісті тікелей тұтынушыларға не тұтынушылардың толық тізбесін белгілеу мүмкін болмаған жағдайда қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу тәртібіне сәйкес алдағы кезеңге шекті баға деңгейін төмендету жолымен қайтару туралы талапты сақтау	Өрескел
7	Шекті бағаны негізсіз асырып жіберу нәтижесінде алынған кірісті табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган осындай фактіні анықтаған кезден бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей тікелей тұтынушыларға не тұтынушылардың толық тізбесін белгілеу мүмкін болмаған кезде алдағы кезеңге шекті баға деңгейін төмендету жолымен қайтару туралы талапты сақтау	Өрескел
8	Шекті бағаларда ескерілген инвестициялық бағдарламаның (жобаның) іс-шараларын, қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеуді орындау	Өрескел
Бақыланатын субъект (объект) ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеудің нәтижелері бойынша		
9	Уәкілетті органға тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті уақтылы бермеу	Болмашы
10	Уәкілетті органға бағаларға сараптама жүргізу үшін қажетті ақпаратты қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде уәкілетті орган белгілеген, қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі тиісті талапты алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кем болмайтын мерзімдерде уақтылы ұсынбау	Болмашы
11	Шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалуы немесе орындалмауы туралы жартыжылдық ақпаратты уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша уақтылы беру және бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырмау	Елеулі
12	Уәкілетті органға өндірілетін (өткізілетін) тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өндіру (өткізу) көлемі, кірістілік деңгейі және босату бағалары туралы ай сайынғы ақпарат беру туралы талапты сақтамау	Болмашы
Тексерілетін субъектілерге қатысты жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан келіп түскен расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны.		
13	Қазақстан Республикасының қоғамдық маңызы бар нарықтар саласындағы заңнамасы талаптарының сақталмауы жөнінде расталған бір шағым мен өтініштің болуы	Елеулі
14	Қазақстан Республикасының қоғамдық маңызы бар нарықтар саласындағы заңнамасы талаптарының сақталмауы жөнінде расталған екі және одан астам шағымдар мен өтініштердің болуы	Өрескел

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2018 жылғы 5 қарашадағы  
№ 59 бұйрығына  
2-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2016 жылғы 26 шілдедегі  
№ 332 бұйрығына  
2-қосымша

## Табиғи монополиялар салаларындағы тексеру парағы

табиғи монополия субъектілеріне \_\_\_\_\_

қатысты

(біртекті бақылау субъектілері (объектілері) тобының атауы)

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы

тексеруді/профилактикалық бақылауды тағайындау

туралы акт \_\_\_\_\_

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісінің (объектісінің) бизнес-сәйкестендіру нөмірі /

жеке сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Орналасқан жерінің мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	Тұтынушының назарына тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгертілгені туралы ақпаратты олар қолданысқа енгізілгенге дейін отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей, сондай-ақ қуаттылығы аз табиғи монополия субъектілеріне - олар қолданысқа енгізілгенге дейін он бес күнтізбелік күннен кешіктірмей жеткізу				
2	Реттеліп көрсетілетін қызметтермен (тауарлармен, жұмыстармен) технологиялық жағынан байланысты қызметтерді көрсету туралы хабарламаны ол жүзеге асырылғанға дейін кемінде он бес күнтізбелік күн бұрын жіберу				
3	Реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) өндірген және (немесе) ұсынған кезде технологиялық циклда пайдаланылатын меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде тиесілі мүлікті сенімгерлік басқаруға беру, лизингті қоса алғанда, мүліктік жалдау (жалға беру) туралы тыйым салуды сақтау				
4	Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) байланысты талап ету құқығын басқаға беру туралы тыйым салуды сақтау				
5	Реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) оларды ұсынумен байланысты емес шығындарды тарифтерге (бағаларға, алымдар мөлшерлемеріне) немесе олардың шекті деңгейлеріне енгізуге тыйым салуды сақтау				

6	Инвестициялық бағдарламаларда (жобаларда) көзделген қаражаттарды мақсатсыз пайдалануға жол бермеу туралы тыйым салуды сақтау				
7	Тарифтік сметада қамтылатын, реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің есептеу аспаптарын сатып алу мен орнату шығындары және ақы алу тетігі, реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің есептеу аспаптарын сатып алу және орнату туралы ұсынылатын реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтер (тауарлар, жұмыстар) туралы ақпаратты коммерциялық құпия деп тану туралы тыйым салуды сақтау				
8	Неғұрлым тиімді әдістер мен технологияларды қолдануға, энергия аудитінің қорытындылары бойынша әзірленген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға, нормативтік техникалық ысыраптарды төмендету жөніндегі іс-шараларды өткізуге немесе реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемдерін табиғи монополия субъектісіне байланысты емес себептер бойынша қысқартуға байланысты немесе конкурстық (тендерлік) рәсімдерді өткізу нәтижелері бойынша шығындарды үнемдеу нәтижесінде туындаған, тарифтік сметаға салынған шығындардың толық пайдаланылмаған бөлігінің кемінде елу пайызын энергия үнемдеуді және энергия тиімділігін арттыруды қамтамасыз етуге, жаңа өндірістік активтерді жасауға, кеңейтуге, қалпына келтіруге, жаңартуға, қолдауға, реконструкциялауға және техникалық қайта жарақтандыруға бағыттау туралы құжаттаманың болуы				
9	Шығындары тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) немесе оның шекті деңгейін және реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтік сметаларды бекіту кезінде ескерілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) сатып алуды жүзеге асыру тәртібін сақтау				
10	Реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрі бойынша және жалпы алғанда өзге де қызмет бойынша кірістердің, шығындар мен тартылған активтердің бөлек есебін жүргізу				
11	Уәкілетті орган бекіткен үлгі шарттарға сәйкес ұсынылатын реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түріне, сондай-ақ өзге де ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түріне және (немесе) жиынтығына тұтынушылармен жеке шарттар жасасу				
12	Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қаулымен ынтымақтастықтың үлгі шарттарына сәйкес кондоминиум объектісін басқару органымен олар ұсынатын реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түріне ынтымақтастық шарттарын жасасу				
	Нәтижесінде табиғи монополия субъектісінің шығындарының құны азайған жағдайда Қазақстан				

13	Республикасының салық заңнамасы тиісінше өзгертілген, аталған өзгерістер қолданысқа енгізілген күннен бастап барлық тұтынушылар үшін реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алым мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін төмендету				
14	Мүлікті мемлекет меншігіне беру, электр энергиясын тарату жөніндегі қызметті көрсететін табиғи монополия субъектілерінің электр желілерін беру жағдайларын қоспағанда, реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) өндіруге және ұсынуға арналған мүлікті тендер нысанындағы сауда-саттықта иеліктен шығару туралы міндетті сақтау				
15	Табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызмет түрлері бойынша кірістерінің, шығындары мен тартылған активтерінің бөлек есебін жүргізудің бекітілген әдістемесінің болуы				
16	Нормативтен артық ысыраптардың болуына жол бермеу				
17	Уәкілетті орган айқындаған шамаға және мерзімдерде нормативтік техникалық ысыраптардың деңгейін төмендету				
18	<p>Уәкілетті органға:</p> <p>1) егер табиғи монополия субъектісінің иеліктен шығарылатын мүлкінің не ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста ескерілген, оған қатысты өзге де мәмілелер жасалатын мүлкінің баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан асатын болса, олар табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шекті деңгейлерінің артуына, тұтынушылармен жасасқан шарттардың бұзылуына, берік байланыстағы технологиялық жүйенің бұзылуына, ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (өндірілетін тауарлардың, жұмыстардың) тоқтап қалуына не көлемінің едәуір кемуіне әкеп соқпайтын жағдайда, табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) өндірісіне және ұсынылуына арналған мүлкімен мәмілелер жасасуға;</p> <p>2) мүлікті жалға алу шартын жасасу табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) немесе олардың шекті деңгейлерінің артуына, тұтынушылармен жасалған шарттардың бұзылуына, берік байланыстағы технологиялық жүйенің бұзылуына, ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (өндірілетін тауарлардың, жұмыстардың) тоқтап қалуына не көлемінің едәуір кемуіне әкеп соқпайтын жағдайда табиғи монополия субъектісінің ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста ескерілген баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнынан 0,05 процент астам болатын реттеліп көрсетілетін қызметтерді (</p>				

	тауарларды, жұмыстарды) ұсыну үшін пайдаланылатын мүлікті жалға алуына; 3) табиғи монополия субъектісінің қайта ұйымдастырылуына және таратылуына келісім беру туралы уәкілетті органға алдын ала хабарлама немесе қолдау хат ұсыну				
19	Сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын қайта есептеуден алынған қаражатты тікелей тұтынушыларға не тұтынушының тұрған жерін анықтау мүмкін болмаған жағдайда, жылумен жабдықтаудың көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу кезінде тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) төмендету жолымен қайтару туралы міндетті сақтау				
20	Жаңадан құрылған субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды, алым мөлшерлемелерін) бекіткен күннен бастап өтініммен оларды қайта қарау үшін тоғыз айдан кешіктірмей ұсынуы туралы міндетті сақтау				
21	Тарифтердің шекті деңгейлері бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну жағдайларын қоспағанда, реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) уәкілетті орган бекіткен тарифтер (бағалар, алым мөлшерлемелері) бойынша ұсыну				
22	Уәкілетті орган белгілеген мөлшерден асатын реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін ақы алу бойынша тыйым салуды сақтау				
23	Заңда көзделмеген қосымша ақы алу немесе өзінің мазмұны бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтердің мәніне қатысы жоқ (қаржылық қаражаттарды және өзге де мүлікті, мүліктік құқықтарды және басқаны беру) қосымша міндеттемелерді өзгеше тану жөнінде салынған тыйым салуды сақтау				
24	Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) қол жеткізу шарттарын күштеп таңуға немесе тұтынушыларды кемсітуге әкеп соғатын өзге де іс-қимылдар жасауға салынған тыйым салуды сақтау				
25	Жосықсыз тұтынушылардың реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) пайдаланылған көлеміне ақы төлемеуіне байланысты адал тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) ұсынудан бас тарту бойынша тыйым салуды сақтау				
26	Мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті шегінде белгілеген, реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасына қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) ақы төлеу бойынша тыйым салуды сақтау				
27	Құзыреттері шегінде мемлекеттік органдар белгілеген реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушыларға мемлекеттік органдар ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасына қойылатын талаптарға сәйкес				



	жалпыға бірдей қызмет көрсетуді қамтамасыз ету туралы талапты сақтау				
28	Табиғи монополиялар субъектілері ұсынатын реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) өз кассалары, сондай-ақ банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, интернет-ресурстар және (немесе) терминалдар арқылы тұтынушылардан төлемдер қабылдауды қамтамасыз ету туралы талапты сақтау. Бұл талап қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілеріне қолданылмайды				
29	Өнімді магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтар ескеріле отырып, реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну жағдайларынан басқа кезде реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушыларға тең жағдайларды, оның ішінде уәкілетті орган бекіткен тәртіппен реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізудің тең жағдайларын ұсыну туралы талапты сақтау				
30	Тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейі бекітілген жағдайда, реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) барлық тұтынушылар үшін тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейінен аспайтын тарифтердің (бағалардың, алым мөлшерлемелерінің) бірыңғай деңгейлері бойынша ұсыну туралы талапты сақтау				
31	Реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) есептеу аспаптарын сатып алу және оларды тұтынушыларға орнату туралы талапты сақтау				
32	Есептеу аспабы істен шыққан жағдайда, есептеу аспаптарының орташа айлық көрсеткіштері бойынша реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін ақы өндіріп алу туралы талапты сақтау				
33	Реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынуға шарттар жасасу кезінде тұтынушылар құқықтарының бұзылуына жол бермеу				
34	Реттеліп көрсетілетін қызметтерді тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейлері бойынша ұсыну туралы талапты сақтау				
	Неғұрлым тиімді әдістер мен технологияларды қолдануға, энергия аудитінің қорытындылары бойынша әзірленген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға, нормативтік техникалық ысыраптарды төмендету жөніндегі іс-шараларды өткізуге немесе реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемдерін табиғи монополия субъектісіне байланысты емес себептер бойынша қысқартуға байланысты немесе конкурстық (тендерлік) рәсімдерді өткізу нәтижелері бойынша шығындарды үнемдеу нәтижесінде туындаған, тарифтік сметаға салынған шығындардың толық пайдаланылмаған				

<p>35 бөлігінің кемінде елу пайызын энергия үнемдеуді және энергия тиімділігін арттыруды қамтамасыз етуге, жаңа өндірістік активтерді жасауға, кеңейтуге, қалпына келтіруге, жаңартуға, қолдауға, реконструкциялауға және техникалық қайта жаратандыруға бағыттауға пайдаланылатын қаражатты қоспағанда, неғұрлым тиімді әдістер мен технологияларды қолдануға, энергия аудитінің қорытындылары бойынша әзірленген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға, нормативтік техникалық ысыраптарды төмендету жөніндегі іс-шараларды өткізуге немесе реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемдерін табиғи монополиялар субъектісіне байланысты емес себептер немесе конкурстық (тендерлік) рәсімдерді өткізу нәтижелері бойынша қысқартуға байланысты шығындарды үнемдеу нәтижесінде туындаған тарифтік сметаға салынған шығындардың толық пайдаланылмаған бөлігіне дербес иелік етуді қоспағанда, тарифтік сметаны орындау</p>				
<p>36 Белгіленген тәртіппен бекітілген инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) орындау және инвестициялық бағдарламада (жобада) көзделген қаражатты табиғи монополия субъектісінің энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды, олар тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсететін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған шекті деңгейлерінің өсуіне әкеп соқпайтын жағдайда, іске асыруға, сондай-ақ қолда бар активтерін қалпына келтіруге, жаңартуға, кеңейтуге, қолдауға, негізгі құралдарын реконструкциялауға, техникалық қайта жаратандыруға басым бағыттау</p>				

Лауазымды адам (-дар) \_\_\_\_\_

(лауазымы, қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Бақылау субъектісінің басшысы \_\_\_\_\_

— (лауазымы, қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Қазақстан Республикасы  
 Ұлттық экономика министрінің  
 2018 жылғы 5 қарашадағы  
 № 59 бұйрығына  
 3-қосымша  
 Қазақстан Республикасы  
 Ұлттық экономика министрінің  
 2016 жылғы 26 шілдедегі  
 № 332 бұйрығына  
 3-қосымша

**Қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің баға белгілеу тәртібін және міндеттерін сақтау саласындағы тексеру парағы**

\_\_\_\_\_ Қоғамдық маңызы бар нарық субъектілеріне \_\_\_\_\_ қатысты  
(біртекті бақылау субъектілері (объектілері) тобының атауы)  
Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы  
тексеруді/профилактикалық бақылауды тағайындау  
туралы акт \_\_\_\_\_  
(№, күні)  
Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісінің (объектісінің) бизнес-сәйкестендіру нөмірі /  
жеке сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Орналасқан жерінің мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	Табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органды алдағы уақытта тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалардың шекті бағадан жоғары өсетіні және өсу себептерін растайтын негіздемелік материалдарды табыс ете отырып, олардың өсу себептері туралы кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын жазбаша түрде немесе уәкілетті органның электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы электрондық құжат нысанында хабардар ету				
2	Уәкілетті орган бағаны сараптау шеңберінде құжаттар мен мәліметтерді не шекті бағаны көтеру себептерін растайтын негіздемелік материалдарды қоса, хабарлама беру туралы талапты сақтау				
3	Қоғамдық маңызы бар нарықтарда өткізілетін тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағаларын, шекті бағаны көтерместен дербес төмендету немесе көтеру кезінде уәкілетті орган төмендету немесе көтеру себептерін көрсететін ақпаратты бағаны төмендету немесе көтеру күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей ұсыну туралы талапты сақтау				
4	Ол болған жағдайда, шекті бағаны қалыптастыру үшін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) әрбір түрі бойынша шығындарды бөлек есепке алуды жүзеге асыру				
5	Жария тыңдауларды өткізу күні туралы ақпарат жарияланғаннан кейін жария тыңдауларға қатысушылардың талабы бойынша жария тыңдаулар өткізгенге дейін тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) баға жобаларын, экономикалық тұрғыдан негізделген есептермен тауарлар (				

	жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағаларын көтеру себептері туралы ақпарат беру туралы талапты сақтау				
6	Алынған және шекті бағаларда ескерілген инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) іске асыруға пайдаланылмаған кірісті тікелей тұтынушыларға не тұтынушылардың толық тізбесін белгілеу мүмкін болмаған жағдайда қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу тәртібіне сәйкес алдағы кезеңге шекті баға деңгейін төмендету жолымен қайтару туралы талапты сақтау				
7	Шекті бағаны негізсіз асырып жіберу нәтижесінде алынған кірісті табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган осындай фактіні анықтаған кезден бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей тікелей тұтынушыларға не тұтынушылардың толық тізбесін белгілеу мүмкін болмаған кезде алдағы кезеңге шекті баға деңгейін төмендету жолымен қайтару туралы талапты сақтау				
8	Шекті бағаларда ескерілген инвестициялық бағдарламаның ( жобаның) іс-шараларын, қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеуді орындау				

Лауазымды адам (-дар) \_\_\_\_\_

(лауазымы, қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Бақылау субъектісінің басшысы \_\_\_\_\_

(лауазымы, қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)